

15–19 Маусым, 2020

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE Басқармасы "Автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын, репо операцияларының маманданымы атты жаңа ішкі құжатты [бекітті](#).
- ▲ Қор нарығында T+2 сызбасы бойынша саудаланатын акциялар бойынша лимит және мөлшерлеме мәнін және дисконт мөлшерлемесін [анықтады](#).
- ▲ Америка Құрама Штаттарының Қаржы министрлігінің US912796TD16 (US_01_2008) дисконттық облигациялары KASE ресми тізімінің "Мемлекеттік бағалы қағаздар" санаты бойынша [енгізілді](#).


ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ Қаржы министрлігі Қазақстан қор биржасында өзінің MEУКАМ-180 ([KZKD00000840](#)) 12-ші шығарылымын жылдық 10,8246%-бен орналастырып, MEУКАМ-144 ([KZKD00000261](#)) бірінші шығарылымын жылдық 10,8224%-бен орналастырып, MEККАМ-12 ([KZK100000241](#)) 148-ші шығарылымын жылдық 10,7650 %-бен орналастыру арқылы 40,6 млрд теңге тартты.
- ▲ Қазақстан қор биржасында "ҚазАгроҚаржы" АҚ өзінің KZ2C00006781 (KAFIb10) облигацияларын орналастырып, 6,1 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "БАСТ" АҚ KASE сауда-саттық жүйесінде 12 000 KZ1C00001015 (BAST) жай акциясын 150,0 млн теңге сомасына [орналастырды](#).
- ▲ "Қазақстан даму банкі" АҚ Қазақстан қор биржасында KZ2C00004273 (BRKZb14) облигацияларын жылдық 11,0 % орналастырып, 10,6 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ Қазақстан қор биржасында "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ [KZ2C00006484](#) (BASPb8) облигациясын орналастыра отырып, жылдық орташа сараланған кірістілігі 11,2800% және [KZ2C00006476](#) (BASPb7) облигациясын орналастыра отырып, жылдық орташа сараланған кірістілігі 11,3089% бен 4,6 млрд теңге тартты.
- ▲ "Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" АҚ өзінің XS0799658637, US48667DAD66 (TMJLe1) халықаралық облигацияларын жартылай кері сатып алу бойынша транзакцияны аяқтағаны туралы [хабарлады](#).
- ▲ Tethys Petroleum Limited компаниясы (Кайман Аралдары) өз қызметі туралы ақпараттар [ұсынды](#).
- ▲ "KEGOC" ақ өзінің KZ1C00000959 (KEGC) жай акциялары бойынша 2019 жылға дивиденд [төледі](#).



KASE Индексі сауда-саттық аптасын 3% өсіммен аяқтап, 2 338 нүкте деңгейінде тіркелді, осы жылдың 21 ақпанынан бастап жоғарғы деңгейде. Осы аптадағы ең көп жасалған мәміле саны ҚазТрансОйл қағаздарымен – 1120 мәміле болды. сауда-саттықтың ең үлкен көлемі KEGOC акцияларымен тіркелді – 792,9 миллион теңге.

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



19.06.2020

KASE Индексі	Трендтер (%)		
	2 338.47	2.6	2.1
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
Народный банк	124.2	8.6	29.3
КазТрансОйл	804.0	4.8	-8.6
Freedom Holding Corp.	7 900.0	3.9	12.5
Kcell	2 540.0	2.8	-1.0
KAZ Minerals	2 212.0	1.9	-3.0
KEGOC	1 742.1	1.0	4.8
НАК Казатомпром	5 670.0	0.8	-6.9
Банк ВТБ	0.2	0.0	5.0
Банк ЦентрКредит	235.6	-0.1	-0.4
Казахтелеком	26 200.0	-0.2	1.1
Сбербанк	1 217.0	-0.4	9.0
Аэрофлот	499.2	-0.8	20.9
Газпром	1 154.9	-1.2	-3.9
Bank of America Corporation	10 300.0	-1.3	9.0
Казахтелеком, прив. акции	12 330.1	-2.9	-5.2


Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

Осы аптада индекстік акциялармен мәмлелердің жалпы көлемі 1,7 млрд теңгені құрады, ол өткен аптадағы көреткіштен 3 есе төмен. Индекстік қоржынның сегіз өкілдерінің алтауы апта қорытындысы бойынша плюспен жабылды. Олардың ішінде: Халық банк (+8,6%), ҚазТрансОйл (+4,8%), Kcell (+2,8%), KAZ Minerals (+1,9%), KEGOC (+1,0%), "Казатомөнеркәсіп" ҰАК (+0,8%). Қазақтелеком (-0,2%) және Банк ЦентрКредит (-0,1%) жай акциялары минуспен жабылды. Халық банктің жай акциясы индекстің негізгі өсім драйвері болды, 9% дейін қымбаттап, бір данасы 124,20 теңгені құрады. Акциялар өсімінің негізгі драйверлері, негізінен мұнай бағасының қалпына келтірілуі, теңгенің нығаюы және дамушы нарыққа инвесторлардың тәбеті өсімі болып табылады. Апта қорытындысы бойынша акция KASE нарығында неғұрлым өтімді акция болып табылады. Сонымен қатар, Лондон қор биржасында Алматы уақыты бойынша 17:30–да ЖДҚ банкінде \$12,25 саудаланды, есептей келгенде Ұлттық банктің ресми бағамы бойынша жұма күні бір жай акция бағасы 124 теңгені құрады.




Теңгенің нығаюына байланысты ұлттық валютаға сұраным артты. Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 131 базистік нүктеге өсіп, жылдық 9,8% деңгейін құрады. АҚШ доллары кепілдігімен қарыз алу мөлшерлемесі 101 базистік нүктеге артып, жылдық 9,6% құрады. Осы аптада бір күндік теңге өтімділігін тартудың орташа көлемі өткен аптаға қарағанда 23% төмендеп, 279,2 млрд теңгені құрады.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



Основные параметры размещения нот НБРК



Тәуекелсіз қисық кірістілігі





USDKZT – осы апта қорытындысы бойынша АҚШ долларына қарағанда 41 тиынға арзандап, 403,79 теңгені құрады. Бір аптада саудасаттықтың жиынтық көлемі 481 миллион АҚШ доллары.

Апта қорытындысы бойынша АҚШ долларының, қытай юані және еуро құны сәйкесінше 0,1%, 0,2% және 0,5% түзетілді. Күн тәртібіндегі негізгі жаңалықтар коронавирус инфекциясының қайталап шығуына қатысты және оған сәйкес екінші апта қатарынан рекордтық қорытындыны көрсеткен Америка мұнай институтынан күтпеген мәліметтер инвесторлардың қорқыныштары болды. Сонымен қатар, нарықтағы оң жағдайлар экономиканың тезірек қалпына келтірілуі және әлемдік нарықта қара алтын сұранымына балансты қалпына келтіру мақсатында мұнай өнімін қысқарту бойынша ОПЕК+ келісімін қалпына келтіруге үміт туындатады. Сонымен, астана уақытымен сағат 15:30 Brent маркалы мұнай фьючерсі бағасы тамыз айында \$42,55 саудаланады, бір аптада бағасы 9% артық қоса отырып. Бүгін ҚР энергетика министрі Нұрлан Ноғаев Қазақстанда мамыр айында ОПЕК+ аясында өзінің міндеттерін 71% ғана орындады, сондықтан, Қазақстан осы жылдың тамыз және қыркүйек айларында жетіспеушілігін толықтырады.


RUBKZT – ресей рублының бағамы 1 тиынға арзандап, 5,8074 теңгені құрады.

EURKZT – еуро теңгеге қарағанда 2,17 теңгеге қымбаттап, 453,17 теңгені құрады.

CNYKZT – қытай юанінің бағамы 9 тиынға қымбаттап, 57,09 теңгені құрады.

Шет ел валюталарының бағамы динамикасы

Δ %, база (01.01.18)




Бағасы Δ 7к, % Δ 30к, % Δ 2017, %

— GBPKZT	505,74	-0,2	-0,7	1,2
— USDKZT	404,79	1,3	-2,5	6,2
— EURKZT	455,31	0,1	0,1	6,7
— CNYKZT	57,19	1,2	-2,2	4,8
— RUBKZT	5,84	0,7	1,0	-5,3

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	3 097.74	1.9	4.2	4.9	1.2
Dow Jones	25 871.46	1.0	5.3	-3.3	0.5
PTC	1 249.67	0.9	2.0	-10.2	-1.0
ММББ	2 285.53	0.0	0.0	0.0	-1.0
Hang Seng	24 643.89	1.4	1.0	-13.7	1.6
SS CSI 300	4 098.71	2.4	4.2	7.1	1.8
Euro Stoxx 50	3 269.10	3.7	11.1	-5.7	3.4
FTSEuroFirst	3 681.00	2.4	6.8	-12.7	2.9
FTSE 100	6 292.60	3.1	3.7	-15.2	2.6
KASE	2 338.47	2.6	2.1	3.2	

Шикізат нарығы

19.06.2020

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай	42.19	8.9	18.0	-34.5
	39.75	9.6	18.7	-29.8
Табиғи газ	1.67	-3.6	-5.8	-23.6
Мыс	261.10	0.4	5.8	-3.7
Темір	806.00	2.8	6.3	-10.7
Алтын	1 743.87	0.8	-0.2	25.6
Күміс	17.85	2.1	-0.9	15.2
Астық	481.25	-4.1	-6.3	-8.6

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

		Валюта	Болжам	Алдыңғы
22.06	ҚРҰБ негізгі несие мөлшерлемесі	CNY		3,85%
23.06	Германияның өндірістік секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (маусым)	EUR	41,5%	36,6%
23.06	Композитті индексі PMI	GBP		30,0
23.06	Англия Банкі басшысы Бейли сөзі	GBP		
24.06	Германия IFO іскерлік климаты индексі (маусым)	EUR	85,0	79,5
24.06	Шикізат мұнай қоры	GBP	-0,152M	1,215M
25.06	Орталық банктің Халықаралық қоры (USD)	RUB		570,8B

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

B – миллиард
M – миллион
K – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Жыл басына
Жылдық инфляция	6,7%	01.06.20	5,3 %
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	30 557	01.05.20	30 927
Қаржы базасы, млрд KZT	8 284,2	01.05.20	5 995,7
Қаржы массасы, млрд KZT	22 222,6	01.05.20	20 813,4

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-тұрақты	10.09.18	BBB-тұрақты
	Вaa3 тұрақты	26.07.17	Вaa3 -тұрақты
	BBB тұрақты	28.09.18	BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: 8 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.